



4 187 022 013 300 291



ЗАМАНАУИ КӨЛІК ДӘЛІЗІ: САПАЛЫ ЖОЛ, ҚАУІПСІЗ САПАР



МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚТАН БАСТАЛАДЫ

Бүгінгі санда:



«АУРУ...
АЙТЫП КЕЛЕДІ!»

8



ЖАҢАРҒАН ҚОҒАМ
ЖАРШЫЛАРЫ

9



СҮЙЕКТЕН
СЫЙ
ЖАСАЙТЫН
ШЕБЕР

13



ЖАЗҒЫ СУСЫНДАРДЫ
БІРГЕ ӘЗІРЛЕЙІК

14

Құттықтаймыз!

**Әйтеке би ауданы
Қарабұтақ ауылы Мейірхан Есмағанбетов
Ардақты әкеміз, аяулы атамыз!**

Сізді мерейлі 85 жасқа толған мерейтойыңызбен балаларыңыз бен немерелеріңіз атынан шын жүректен құттықтаймыз!

Сексен бестің сенігіне абыроймен жетіп, мәнді де мағыналы ғұмыр кешіп отырған Сіз — біздің отбасының берекесі, әулетіміздің тірегі, ақылшысы әрі мақтаншысыз.

Сіздің өмір жолыңыз — адал еңбек пен азаматтықтың жарқын үлгісі. Еңбек жолыңызды Қарабұтақ аудандық типографиясында бастап, кейін сол мекемеге басшылық жасап, баспа ісінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қостыңыз.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де қоғамдық өмірден қол үзбей, Еңбек ардагерлері ұйымының төрағасы ретінде ардагерлердің басын біріктіріп, олардың қоғамдағы белсенділігін арттыруға, ел бірлігі мен ұрпақ тәрбиесіне бағытталған игі істердің жүзеге асуына өз үлесіңізді қостыңыз. Сонымен қатар, туған жердің табиғатын қорғауды азаматтық парыз санап, орман-дала қорығында егер болып қызмет атқарып, елге адал еңбегіңізді жалғастырдыңыз. Бұл — Сіздің еңбекқорлығыңыздың, елге деген жанашырлығыңыздың, туған жерге деген сүйіспеншілігіңіздің және азаматтық жауапкершілігіңіздің жарқын көрінісі.

Сіз қай қызметте жүрсеңіз де, адалдықты серік етіп, еңбекқорлығыңызбен, әділдігіңізбен, қарапайым мінезіңізбен елдің құрметіне бөлендіңіз. Біз үшін Сіздің әрбір ақыл-кеңесіңіз, өнегелі өміріңіз — өмірлік бағдар, сарқылмас қазына.

Қадірлі әкеміз, ардақты атамыз!

Алла Тағала Сізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, жан тыныштығы мен баянды бақыт нәсіп етсін! Асыл анамыз екеуіңіз қол ұстасып, аман-есен ұзақ жасап, балаларыңыздың, немере-шөберелеріңіздің қызығына кенеліп, шаңырақтарыңыз шаттық пен берекеге тола берсін.

Жүздеріңізден күлкі кетпесін, үйлеріңізден ырыс пен ынтымақ арылмасын! Әрбір атқан таң Сіздерге қуаныш, әрбір жаңа күн жақсылық пен молшылық әкелсін!

Мерейіңіз үстем, абыройыңыз асқақ, ғұмырыңыз ұзақ болсын!

85 жас мерейтойыңыз құтты болсын!

**Ізгі тілекпен,
Балаларыңыз бен немерелеріңіз.**

ЖАРНАМА БӨЛІМІ

90-71-55

aktobesmi.mail.ru

КӘСІБИЛІК ПЕН ЖАНАШЫРЛЫҚТЫҢ ҮЛГІСІ

Биыл 5 тамызда Түркияда тұратын ақтөбелік әйел интернет алаяқтарының құрбаны болды. Ол шамамен 300 мың теңгесін түрік лирасына айырбастауды жоспарлап, осы мәселе бойынша Telegram арқылы көмек іздеген. Алайда алаяқтар оның сеніміне кіріп, ақшасын иемденіп кеткен. Кейін жәбірленуші алданғанын түсініп, банк пен полицияға жүгінген.



Алаяқ әйелдің танысының суретін пайдаланып, соның атынан онымен хат алмасқан. Таныс адаммен сөйлесіп отырғанына сенген жәбірленуші алаяқтың сөзіне еріп, ақшасын аударған. Алданғанын түсінген әйел банкке жүгінген. Бірақ

ақшасын қайтарып алатынына аса сенбеген.

Алайда қаржы ұйымы мен CyberPol бөлімшесінің өзара іс-қимылы нәтижесінде оның өтініші назардан тыс қалмады.

Жәбірленушімен Ақтөбе қаласы полиция басқармасының киберқылмыстарды ашу бөлімінің жедел уәкілі, полиция аға лейтенанты Молдаш Жақсыбаев байланысқа шығады. Ол әйелдің ел аумағынан тыс жерде тұратынына қарамастан, оқиғаның мән-жайын мұқият зерделеп, әрі қарай қандай әрекет жасау керектігін түсіндіреді. Сондай-ақ Telegram желісіндегі алаяқтың цифрлық іздерін дұрыс тіркеуге көмектескен.

Полиция қызметкерінің кәсіби көмегі мен нақты түсіндіруінің арқасында жәбірленуші қажетті ақпаратты жинап, нәтижесінде 300 мың теңгеді қаражатын толық қайтарып алды.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қайырсыз Қазақстан үшін!

Бүгінде жәбірленуші полиция қызметкерінің кәсібилігімен қатар, адамға деген жанашырлығы мен мұқият қарым-қатынасын ерекше атап отыр. Оның сөзінше, ел аумағынан тыс жерде жүрсе де, отандық полицияның көмегін сезіну маңызды болған.

Бұл жағдай интернет-алаықтыққа тап болған кезде уақыт жоғалтпай банкке және полицияға жүгінудің маңызын тағы бір мәрте көрсетеді. Цифрлық іздерді дер кезінде тіркеу және жәбірленушінің дұрыс әрекет етуі аты-жөні мен фотосуреттерін жиі пайдаланатынын, мессенджер арқылы ақша аударуды сұраған жағдайда асықпауды ескертеді. Хабарламаның шынымен танысыңыздан келгеніне көз жеткізу үшін онымен өзіңіз білетін телефон нөмірі арқылы қайта байланысу керек.

Арайлым НҰРБАЕВА.

«АҚТӨБЕ ХРОМ ҚОСЫНДЫЛАРЫ ЗАУЫТЫ» АҚ

І санаттағы объектілер үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алуға: «Ақтөбе хром қосындылары зауыты» АҚ үшін 2026 жылдан 2035 жылға дейінгі кезеңге арналған атмосфераға ластанушы заттардың жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспары жобалық материалдарын қарастыру бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы хабарлайды.

Әсер ету аумағы: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы.
Әсер ету учаскесі мен аумағының географиялық координаттары:

- 1-нүкте – 50°20'46.10" с.е., 57° 6'53.22" ш.б.;
- 2-нүкте – 50°20'11.42" с.е., 57° 7'34.59" ш.б.;
- 3-нүкте – 50°19'58.47" с.е., 57° 7'9.29" ш.б.;
- 4-нүкте – 50°20'30.61" с.е., 57° 6'33.19" ш.б.;
- 5-нүкте – 50°20'16.32" с.е., 57° 6'45.30" ш.б.;
- 6-нүкте – 50°20'3.26" с.е., 57° 6'45.05" ш.б.;
- 7-нүкте – 50°21'7.70" с.е., 57° 4'58.66" ш.б.;
- 8-нүкте – 50°20'48.07" с.е., 57° 4'21.18" ш.б.;
- 9-нүкте – 50°20'4.40" с.е., 57° 5'23.68" ш.б.;
- 10-нүкте – 50°20'40.88" с.е., 57° 5'57.62" ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар: 2026 жылдың 18 қыркүйегінде сағат 10.00-де Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ.ә., 15 Б өнеркәсіптік аймағы, орталық өткізу пункті, «АХҚЗ» АҚ конференц-залы мекенжайы бойынша өтеді.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

Бастамашысы: «Ақтөбе хром қосындылары зауыты» АҚ, 030015, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, 15Б Өнеркәсіптік аймақ орамы, БСН 950640000404, Бас директор — Гриненко В.И. Өкілі: Ивлев А.В., inform@azhs.kz, 8(7132) 53-65-01.


Zoom платформасында тыңдауға қатысу үшін онлайн қосылуға сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/3346648553?pwd=ai94U3lpV29XNTZlFaFYzQytNY1NZUT09&omn=81381892676>. Конференция идентификаторы: 3346648553; Кіру коды: 561750.

Жобалық материалдардың әзірлеушісі: «F30 «Биосфера Казахстан» ЖШС, 100012, Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Терешкова көшесі, 2/12 ғимарат, БСН 071040007864, Өкілі: Цешковский В.М., байланыс: тел. 8(7212) 56-17-50, 94-05-58, 8(777) 487-14-15; e-mail: biosfera.krg@mail.ru, ceshkovskiy@bskz.kz.

Қоғамдық тыңдаулардың материалдарымен <https://ndbecology.gov.kz/> Ақпараттық жүйеде және <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy> сайтының «Қоғамдық тыңдау» бөлімінде танысуға болады.

Жобалық материалдар бойынша қосымша ақпаратты келесі мекенжай және телефон нөмірі бойынша сұрауға болады: Қарағанды қ., Терешкова көшесі, 2/12 ғимарат, тел: 8(7212) 94-05-58, 8(777) 487-14-15; e-mail: ceshkovskiy@bskz.kz.

Жоба бойынша мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ aktobe.urpr@yandex.kz және Ақтөбе қ., Әбілқайыр хан даңғылы 40, тел. 8 (7132) 55-09-30 мекенжайлары бойынша, сондай-ақ <https://ndbecology.gov.kz> Ақпараттық жүйеде тыңдау өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.



Халықтың, кәсіпорындардың, ұйымдардың, шаруа қожалықтарының назарына. Ескерту

«ҚазТрансОйл» АҚ Ақтөбе облысының аумағында «Әлібекмола» БМАС мұнай құбыр — «Жаңажол-Кеңқияқ», «Жаңажол - Кеңқияқ», «Кеңқияқ - Бестамақ» магистральды мұнай құбырлары, ТОВЖ байланыс желілері салынғанын, олар километрлі бағандармен және ескерту белгілермен белгіленгенін ескертеді.

ҚР «Магистральды құбыр жолдары туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету Ережелеріне сәйкес келесі күзету аймақтары белгіленеді:

магистральды мұнай құбырларының трассалары бойында — әр жағынан құбыр осінен елу метрде өтетін шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі ретінде; ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерде магистральды мұнай құбырының күзетілетін аймағы әр жағынан құбыр осінен жиырма бес метрде өтетін шартты сызықтармен шектеледі;

бір техникалық дәлізде салынған көп жікті құбырлардың трассалары бойында — шеткі құбырлардың осьтерінен 1) тармақшамен қарастырылған қашықтықтарда шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі ретінде;

суасты өтпелерінің бойында — әр жағынан өтпелердің шеткі жіктерінің осьтерінен жүз метрде тұрған қатарлас жазықтық арасында жасасылған су беткейінен түбіне дейінгі су кеңістігінің жер учаскесі ретінде;

өнімді апаттық шығаруға арналған жер қоймаларының айналасында — көрсетілген объектілер аймағының шекараларынан барлық жаққа елу метрде тұрған тұйық сызықпен шектелген жер учаскесі ретінде;

бас және аралық айдау және құю сораптық стансалары, сұйыққойма паркттері, өнімдерді өлшеу тораптары, құю-тегу эстакадалары, мұнай, мұнай өнімдерін қыздыру пункттері айналасында — көрсетілген объектілер аймағының шекараларынан жүз метрде тұрған тұйық сызықпен шектелген жер учаскесі ретінде;

орманы жоқ учаскелерде тұрғындар тұратын пункттерден тыс орналасқан байланыс және радиотелекоммуникацияның жер асты кабельді және өуе желілері — жер асты кабельінің трассасынан немесе әр жағынан екі метрден кем емес қашықтықта өуе желілерінің шекті сымдарынан тұратын параллель тура желілерді анықтайтын осы желілер бойындағы жер учаскесі ретінде.

ҚР ЕЖ 3.05-101-2013 «МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРЛАР» СӘЙКЕС 30-ДАН 150 МЕТРГЕ ДЕЙІН ЕҢ АЗ ҚАШЫҚТЫҚ ШЕГІ БЕЛГІЛЕНЕДІ. ҚАҰПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҚСАТЫНДА ЕРЕЖЕЛЕР ЖИЙНТЫҒЫМЕН БЕЛГІЛЕНГЕН ЕҢ АЗ ҚАШЫҚТЫҚ ШЕГІНДЕ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРҒА ЖАТПАЙТЫН КЕЗ КЕЛГЕН ОБЪЕКТТЕРДІ САЛУҒА ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ.

Магистральды мұнай құбырларының күзетілетін аймақтарында:

1) «ҚазТрансОйл» АҚ-пен олардың орнала-су жерін, құрылыс, жайластыру және пайдалану тәртібін келіспей магистральды құбырдың және оның күзетілетін аймағы трассасының өткелдерін, топырақ жолдарын немесе өзге уақытша немесе тұрақты көлік қиылыстарын орналастыруға;

2) бақ өсіруге және ағаш өсіруге, сонымен қатар жыртылатын тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын қыр ауыл шаруашылық дақылдарды өсіруге бағытталған агротехникалық жұмыстардан басқа, «ҚазТрансОйл» АҚ-пен келісілмеген қандай да бір жұмыстарды орындауға;

3) магистральды құбырларға қызмет көрсетуге және оның физикалық қорғанысын қамтамасыз етуге арналған «ҚазТрансОйл» АҚ-пен орналастырылған жолдарды қалпына келтіруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген жағдайлардан басқа осы жолдар бойынша магистральды құбырларда өртке қарсы және күзет қызметтерін орындайтын қызметкерлердің қозғалысына кедергі жасауға;

4) кез-келген құрылыстар мен имараттарды салуға;

5) автомобиль көлік құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға;

6) мелиоративті жер жұмыстарын жүргізуге, жер суаратын және құрғататын жүйелерді салуға;

7) «ҚазТрансОйл» АҚ-пен келіспей тау, құрылыс, жинақтау және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, топырақты тегістеуге;

8) ұңғымалардың, шұрфтардың құрылғыларымен және топырақ (жер қыртысының үлгілерінен басқа) сынамаларын алумен байланысты геологиялық түсіру, геологиялық барлау, іздеу, геодезикалық және басқа іздестіру жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында құрылыс нормаларымен және ережелерімен белгіленген минималды қашықтықтарда магистральды құбырларға жатпайтын кез-келген объектілердің құрылысына тыйым салынады.

Айтылған Заң талаптарын бұзушылықтарға кінәлі лауазымды тұлғалар мен азаматтар белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартылады.

Жоғарыда айтылған барлық мәселелер бойынша мына мекенжайға хабарласу қажет:

Ақтөбе мұнай құбыры басқармасы

«ҚазТрансОйл» АҚ Ақтөбе мұнай құбыры басқармасы

Ақтөбе қ., тұрғынүй алабы Көктем, Гуцало А.С. көшесі №1.

Астана қ. тел: 8 (7172) 55-52-54 - БДБ диспетчері № 4 тех.учаскесі,

Ақтөбе қ., тел: 8 (7132) 745-224 — Кеңқияқ БМАС операторы,

8 (7132) 745-225 — Кеңқияқ БМАС ауысым бастығы.